



ТҰРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№55
(2330)
Сәрсенбі
30 шілде
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша Қызылорда облысы әкімінің өкімімен Шермағанбет Мейрамбек Зинабдинұлы облыс әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

Мейрамбек Шермағанбет Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Кеңес аулында 1972 жылы 25 желтоқсанда дүниеге келген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетін әр жылдары «Тарих»,

«Құқықтану», «экономист» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы Жаңақорған ауданындағы № 239 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі болып бастаған. 1995-2004 жылдары мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Жаңақорған ауданы әкімі аппаратының бөлім басшысы, аппарат басшысы болды.

2005-2016 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары, облыстық білім беру, тілдерді дамыту жөніндегі

басқармаларының, Қызылорда облысы бойынша білім саласындағы бақылау департаментінің басшысы қызметтерін атқарған.

2016-2021 жылдары Ақтөбе облысы, Қобда ауданының әкімі, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары болған.

2022-2024 жылдары Қызылорда облыстық білім басқармасының басшысы, Қызылорда облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. 2024 жылдың 19 ақпанынан Қазалы ауданының әкімі қызметін атқарып келді.



ҚАЗАҚСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ: ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ

2025 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына 30 жыл толып отыр. Бұл айтулы мереке – еліміздің Тәуелсіздік кезеңіндегі ең маңызды оқиғалардың бірі. Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, елдің тұрақтылығы мен дамуының кепілі. Осы үш онжылдық ішінде Ата Заңымыз еліміздің саяси, құқықтық және әлеуметтік негіздерін қалыптастырып, қоғамның біртұтас дамуына жол ашты.

1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция – жаңа тәуелсіз мемлекеттің құқықтық негізін қалады. Бұл құжатта Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет екені айқын жазылған. Адам және азамат құқықтары мен бостандықтары – мемлекеттің ең басты



құндылықтары ретінде белгіленді.

Соңғы отыз жылда Қазақстан Конституциясының негізінде көптеген заңнамалық актілер қабылданып, мемлекетті басқару жүйесі нығая түсті. Мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді қызмет етуі, заң үстемдігі мен адам құқықтары

қорғау жолындағы нақты қадамдар – осы Ата Заңымыздың мызғымас негізінде жүзеге асты.

Сондай-ақ, Конституция еліміздің этносаралық және конфессияаралық келісімін қамтамасыз етіп, бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға үлкен үлес қосты. Бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясының

қызметі арқылы көрініс тапқан маңызды нәтиже.

Қазіргі уақытта еліміз демократиялық жаңғыру жолына қадам басып келеді. Бұл 2022 жылдан басталған саяси реформалар, Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар – мемлекетті жаңғыртуға бағытталған бастамалар.

Халықтың билікке қатысуы, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дамуы, әділетті сайлау және құқықтық мемлекеттің қалыптасуы – осының айқын дәлелі.

Қазақстан Конституциясына 30 жыл толуы – бұл тек тарихи дата ғана емес, бұл – әрбір азамат үшін ойланатын, бағалайтын және болашаққа сеніммен қарайтын маңызды кезең. Ата Заңымыздың арқауында тұрған басты қағидалар – Тәуелсіздік, бірлік, әділдік пен еркіндік – әрдайым еліміздің басты бағдаршамы болмақ.

Біз Конституцияны құрметтеу арқылы еліміздің болашағына үлес қосамыз. Сондықтан да, әрбір қазақстандық үшін бұл мереке – елдік пен бірліктің, тұрақтылық пен өркендеудің символы.

Қазалы аудандық сотының баспасөз қызметі

АЙБАРЫ БИІК АТА ЗАҢ



Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасып, дамуына негіз болған құжат – бұл ел Конституциясы. Халқымыз оны ерекше құрметпен Ата заң деп атайды. Өйткені бұл заң – барша заңдардың қайнар көзі, елдің тыныштығы мен тұрақтылығының, әділеттіліктің және демократиялық дамудың негізі.

1995 жылғы 30 тамыз – Қазақстанның тарихында алтын әріппен жазылған күн. Осы күні бүкілхалықтық референдум арқылы жаңа Конституция қабылданды. Бұл – ел тағдырын айқындаған маңызды тарихи оқиға болды. Сол уақыттан бері 30 тамыз – Конституция күні ретінде аталып өтеді.

Ата заңымызда Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң егемендігі, құқықтық мемлекет ретіндегі бағыт-бағдары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттік құрылымы, тілі, рәміздері, тіпті адам мен азаматтың өмір сүру қағидаттары айқын көрсетілген. Бұл – жай ғана заңдар жинағы емес, елдің рухани, саяси, мәдени тұтастығының кепілі.

Ата заңымыздың айба-

ры биік дейтініміз де сондықтан. Өйткені ол – бүкіл халықтың еркін етуіне, елдің тәуелсіздігін бекемдеген, әрбір азаматтың құқығын қорғайтын басты құжат. Конституцияның арқасында елімізде түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Әрадамның ар-ожданы, сенімі, сөзі, меншігі қорғалған.

Б ү г і н д е Қазақстан – әлемге танылған, демократиялық қағидаттарды ұстанатын, заң үстемдігін қадірлейтін ел. Бұл жетістіктердің негізінде Ата заңымыздың салмағы жатыр. Әрбір азамат өзінің құқықтары мен міндеттерін жақсы білсе, заңға бағынса, онда қоғамда әділдік пен тәртіп орнайды.

"Айбары биік Ата заң" – бұл жай ғана сөз тіркесі емес, бұл еліміздің басты заңына деген құрметтің, сенімнің, мақтаныштың белгісі. Әрбір азамат Ата заңды сыйлап, оны басшылыққа алғанда ғана мемлекет гүлденіп, халықтың әл-ауқаты арта түспек. Сондықтан да біз Ата заңымызды қастерлеп, ұрпаққа үлгі етуіміз керек.

Серік БЕРТАЙ,
Қазалы аудандық сотының судьясы

ҰЛЫҒА ТАҒЫМ, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Биыл ұлы ақын, философ, ағартушы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Қазақ халқының рухани көсеміне а й н а л ғ а н А б а й д ы ң мұрасы – бүкіл адамзатқа ортақ құндылық. Осы айтулы мерейтой Қазақстанда ғана емес, х а л ы қ а р а л ы қ деңгейде де аталып өтуде.

А б а й Құнанбайұлы – қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салушы, қазақ жазба әдебиетінің классигі. Ол өз заманының рухани өмірін жаңғыртып, халықтың ой-санасын оятуға бар күшін арнады. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері адамгершілік, білім, еңбек, әділет, имандылық секілді биік ұғымдарды дәріптейді.

Ұлы ойшылдың "Ғылым таппай мақтанба", "Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам" деген идеялары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан емес. Оның шығармаларында ұлттық болмыс пен жалпыадамзаттық құндылықтар тоғысқан.

Абайдың 180 жылдығына орай республика көлемінде, сондай-ақ шетел-



де де түрлі мәдени, ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылуда. О л а р д ы ң қатарында:

А б а й шығармаларын оқу марафондары; Х а л ы қ а р а л ы қ ғылыми конференциялар; Т е а т р қойылымдары мен көркем фильмдердің түсірілімі;

А б а й ескерткіштерін жаңарту және жаңа ескерткіштер орнату;

Ақынның туған жері – Жидебай мен Семейде еске алу шаралары.

Қ а з а қ с т а н П р е з и д е н т і Қ а с ы м - Ж о м а р т Тоқаев Абай мұрасын ұлттық идеологияның өзегі ретінде атап өтіп, оны жастар тәрбиесінде кеңінен қолдану қажеттігін алға тартты.

Абай – ұлттың рухани темірқазығы. Оның шығармаларын

оқу – тек әдеби мұрамен танысу ғана емес, адамның ішкі жан дүниесін тәрбиелеу, болмысты тану жолы. Жас ұрпақ Абайдың рухани мұрасынан тәлім алып, саналы, білімді, елін сүйетін азамат болып қалыптасары сөзсіз.

А б а й Құнанбайұлының 180 жылдығын атап өту – тек өткенге тағзым емес, болашаққа бағдар. Ұлы Абайдың сөзімен айтқанда, «адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Сондықтан бұл мерейтой – әр қазақтың жүрегінде ояу рух пен ойға жетелер ірі белес.

Жеңіскүл ТҰРСЫНБЕКҚЫЗЫ,
Қазалы аудандық соты әкімшісінің бас маман-сот отырысының хатшысы

● Жұмысшы мамандықтар жылы

БІЛІКТІ ТЕМІРЖОЛШЫ

Теміржолшылар – ел мүддесі үшін тер төгіп, аянбай еңбек етіп жүрген жандар. Теміржолшы мамандығы үлкен төзімділік пен жауапкершілікті талап етеді. Теміржолшылардың адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі әрдайым құрметке лайық.

Сондай құрметке лайық жандардың бірі, теміржол саласында 40 жылға жуық қызмет атқарып келе жатқан аяулы жан Балымова Гүлнар. Ол 1966 жылы Қызылорда облысы, Қазалы станциясында дүниеге келген. Гүлнар 10 жылдық білімнен кейін 1983 жылы Қызылордадағы тігіншілер даярлайтын училищесіне оқуға түсіп, 1985 жылы тәмәмдайды. Сол жылы Қазалы локомотив жөндеу зауытына жұмысқа орналасады. Мектепқабырғасынан бастап еңбекке адалдықпен қарайтын ол жұмысымен бірге

оқуды да қатар алып жүріп, Қызылорда теміржол техникумын тәмамдайды. Жасынан тәртіп пен жауапкершілікті бойына сіңірген Гүлнар апай теміржол саласының әр бөлімінде қызмет атқарып, ұзақ жылдар бойы адал еңбегімен көзге түсе білді. Әріптестері арасында сыйлы, беделді жан ретінде қалыптасты. 4 жылдан соң өз серігін сол саладан тауып, 1990 жылы отау құрады.

Жолдасы марқұм Асқар Балымов теміржолшы болған. Ол 1964 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Өмірінің негізгі бөлігін теміржол саласына арнаған. Екеуі бір салада қызмет етіп, қос тағдыр теміржолда табысып, бір-бірін қолдап, үлгілі отбасын құрды. Өкінішке орай, Асқар аға өмірден ерте өтті. Бірақ артында елге сіңірген еңбегі мен

жарқын бейнесі қалды. Екеуі 35 жылға жуық отау құрып, 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырған үлгілі жанұя. Гүлнар апай тек кәсіби қызметте ғана емес, отбасына да үлгі бола білді. Оның кәсіби шеберлігі мен сабырлы мінезі жас буынға үлгі. Зейнет жасына жақындаса да, теміржол саласындағы тәжірибесімен жас мамандарға бағыт-бағдар беріп келе жатқан білікті маман.

Біліктілігінің арқасында көптеген марапаттарға ие болып, алғысқа бөленіп жүр. Қазіргі таңда тепловоздың моторын сынақтан өткізуші болып қызмет атқаруда.

Елімізде тамыз айының алғашқы жексенбісі көлік және коммуникация қызметкерлері күні болып бекітілген. Барша көлік қызметкерлерін кәсіби мерекесімен құттықтап, қызметте биік белестер мен та-



быс тілейміз. Еткен еңбектеріңіз еселене берсін!

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

ЕЛ АҒАСЫ ЗЕЙНАЛАБДИН ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ



2018 жылдың жаз айларының бірінде таныс емес нөмірден телефоныма қоңырау түсті. Телефонымның түймесін басып көтерген соң арғы жағындағы ер кісі амандық-саулық сұрасқан соң бірден шаруасына көшті.

Елдегі ағайын ата-бабаларына ас беру шарасы кезінде Қалыбай руының шежіресін жинақтап шығаруға ұйғарым жасап, бұл жауапты жұмысты өзіне жүктегенін жеткізді. Содан қолжазбамен жазылған шежіре кітаптың мәтінін компьютерге сауатты теріп беретін адамды іздеген беті екен. Ауданда жарық көрген бірнеше кітаптардың мәтінін баспаға дайындағанымды, сауатты, тиянақты жұмыс істегенімді білетінін айтып, менің де мақтауымды келістіріп жатыр. Ол кезде аудандық қоғамдық даму бөлімінде әдіскермін, қолдан келетін жұмыстан несіне бас тартайын?! Өзара келісімнен соң ол кісі көп ұзамай қолжазбасын әкеліп берді. Бір ай уақыт ішінде қалың мұқабалы дәптерге жазылған шежірені мұқият теріп, баспаға дайындап, бейтаныс адамның қолына ұстаттым. Сөйтсем бұл кісі Қазалы ауданының тумасы, көп жылдар шекара қызметінде басшылық қызмет атқарған жерлесіміз Жұмағалиұлы Зейналабдин аға екен.

Аудандық қоғамдық даму бөлімінде қызмет атқарып жүргенімде Қазалының қасиетті топырағынан түлеп ұшқан қаншама танымал азаматтармен таныс болып, қарым-қатынас жасадық. Республикамыздың әр түкпірінде халыққа қызмет етіп, ел құрметіне бөленген зиялы қауымға өзімнің де құрметім ерекше болатын.

Бүгінгі күні қолыма қалам алғызған осындай ағалардың бірі – Зейналабдин Жұмағалиұлы. Ол «Майдакөл» ауылдық округіндегі «Нұрбай шүңгілі» деп аталатын жерде қарапайым шаруа Сұлтанияз баласы Жұмағалидың қарашаңырағында 1950-жылдың 25-ші шілдесінде дүниесігін ашқан. Биыл 75 жастың мерейлі белесін бағындырып отыр.

Халқымыз «Жақсылық жүрген жерде тапшылық болмайды» дейді ғой. Зейналабдин ағамыз еңбекке жасынан араласып, елге болсын дейтін кең пейілі, ізетті ұстанымының арқасында көпшілікке танылған. Білімі мен білігі, табандылығы, адамгершілігі, тәртіпке бас иетін талапшылдығы, еліне деген патриоттық сезімінің арқасында ширек ғасырға жуық уақытты ауылда тракторшы болып еңбек етуден бастап, Республиканың үш Министрлігінің орталық аппаратында, Алматы, Астана қалаларында қызмет атқарған.

«Адам туған топырағына тартип туады» деген бар. Зейналабдин ағаның өскен жері – қазіргі Бекарыстан би аулы. Малы мен жаны қатар өскен, берекесі маңдай термен әрленген ауылдан талай тарландар түлеп ұшқанын ешкім жоққа шығара алмас.

Ардақты азамат колхозда трактор тізгіндеп маңдай терлеткен аяулы әкесі Жұмағали мен 11 құрсақ көтерген анасы Сақтағанқызы Алтынды өзі жазған «Қалыбай шежіресі» кітабында мақтанышпен әрі сағынышпен еске алады.

Зейналабдин аға орта мектептен соң Қазалы қаласындағы бір айлық тракторшылар дайындайтын курста оқып, оны бітірген соң туған аулында трактор тізгіндеген. Кейінірек ДОСАФ-та үш ай оқып, жүргізуші куәлігін иеленген. 1969 жылы көктемде Отан алдындағы борышын өтеу үшін Кеңес әскерінің қатарына шақырылып, 1971 жылдың күзінде елге оралған. Әскерден келгеннен кейін Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылығы институтының механика факультетінде оқып, инженер-механик мамандығын алған. 1977 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жолдамасымен Жамбыл, кейін Семей, Қызылорда облыстарындағы мектептерде, Байқадамдағы СПТУ-124 училищесінде, одан соң қазалыдағы «Майдакөл» орта мектебінде мұғалім болып еңбек еткен.

Өткен жылдарда Семей облысы, Шұбартау ауданы, «Сарықамыс» кеңшарында МТМ меңгерушісі, бас инженер қызметін атқарған. 1987 жылы Алматыға қоныс аударып, «ГлавАлматаСтрой» зауытында инженер, бөлім бастығы, «Казатгросремаш» бірлестігінде инженер, 1990-1997 жылдары Қазақстан Республикасы ауылшаруашылығы Министрлігінің орталық аппаратында жол қозғалысы қауіпсіздігі бөлімін басқарған. 1997-1998 жылдары Қазақстан теміржолының орталық аппаратында жетекші маман, 1998-2013 жылдары инженер, аға инспектор, ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің шекара қызметінің орталық аппаратында жол қауіпсіздігі және техникалық қадағалау инспекциясының бастығы болып қызмет атқарған. Осындай қызметтері үшін Министрліктер тарапынан Құрмет грамоталармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

Қазалылық ақын Шарапбай Нағымашевтың баспадан жарық көрген «Күзгі өлеңдер» атты кітабында досы Зейналабдинге арналған «Осындай бір досым бар» атты өлеңінде:

Күндері – бәрі күрес,
Бәрі майдан,
Бірде қату,
Ал бірде жаны жайраң.
Бүкіл қазақ даласын
Шарлап жүрген,
Қыран тектес бір ұрпақ
Қалыбайдан, - деп жазылған.
Ал, ақын Жетіскен Мәкеналы «Жүректегі тазалық» атты өлеңінде: Шекарасын күзеттің қазағымның,

Жолдан өттің тау-тасты, азабымың.

Құлатпай аман сақтап қалған сені,

Жүрегіңе құйылған тазалығың, - деп суреттеген екен.

Расында шекара шебінің берік болуы – аса маңызды әрі жауапты міндет. Ал, бұл міндетті абыроймен, аса сақтықпен, асқан жауапкершілікпен атқару – шекара қызметіндегі азаматтардың мойнындағы үлкен парыз. Бұл үдеден шыққан азаматтардың қатарынан көрінген жерлесіміз Зейналабдин ағамен мақтануға әбден болады.

Иә, Зейналабдин Жұмағалиұлы Алматыда жиырма жыл қоныстанып, елден келген жора-жолдастарының, ағайындарының жұмысқа орналасуына, олардың балаларының оқуға түсулеріне, көшіп-қонуларына көп көмегін тигізген. Өзінен кейінгі бауырларын Алматы жанына көшіріп әкеліп, үй болуына жағдай жасаған. Оның қолдауымен ауылдастары: Сұлтаниязов Қасен, Жұмағали Жантөре, Сәйпеева Сандуғаш, Аманбаев Өмірбек, Көләнов Болат шекара қызметінің майталмандары атанды.

«Өлі риза болмай, тірі байымас» деген қағиданы ұстанып, 2001 жылы кенже ұлы Еркебұланмен бірге «Жаман Қостам» басындағы баба қорымын қоршауға демеушілік жасады. 2011 жылы ағайынның қолдауымен сол жерге түнеухана салуға мұрындық болды. 2017 жылы Қалыбай ата асына жиналған 200-дей адамның ұйғарымымен «Қалыбай шежіресі» кітабын жинақтап, баспадан шығарған.

Ел ағасы туралы «Қазаққа берген осы ұлды» атты өлеңінде жергілікті ақын Жетіскен Мәкеналы достығын мақтаныш етіп, оның қайырымдылығын да дәріптеген.

Қаншама істің басы-қасында жүріп, атақ пен абыройға ие болуда ер-азаматтың өмірлік жары сеп болары анық. Зейналабдин Жұмағалиев ағамыз зайыбы Шәрипамен 1981 жылы бас қосып, 3 ұл-қыз тәрбиелеп өсірген.

Шәрипа Көләнқызы 1952 жылы 1 маусымда «Алға» ауылында дүниесігін ашқан. Мектепті үздік бітірісімен 1969 жылы Қазақтың мемлекеттік Қыздар педагогикалық

институтына оқуға түскен. 1973 жылы Қазалы ауданы мектептерінде математика пәнінен мұғалімдік қызмет атқарған. 1981-1987 жылдары «Майдакөл» орта мектебінде директор, кейінірек ауылдық Кеңестің төрайымы болған.

Бүгінде арда азаматтың ұл-қыздары әкеден алған тәлім мен асыл анадан бойға сіңірген тәрбиенің арқасында – өмірден өз жолдарын тапқан. Тұңғышы Жантөре Қазақтың Абай атындағы гуманитарлық университетін тәмамдаған. Қазір Астана қаласында ҰҚК Шекара қызметінде абыроймен қызмет атқарып жүр. Шені – подполковник. Отбасында зайыбымен екеуі үш бала тәрбиелеп отыр. Ортаншысы Айгерім Сүлеймен Демирель атындағы Қазақ-Түрік университетін «Қызыл дипломмен» бітірді. Қазір Шымкентте «ҚазМұнайГаз» компаниясында бөлім бастығы. Үлгілі отбасының тірегі Айдоспен бірге екі бала тәрбиелеп өсіруде. Кенжесі Еркебұлан Астана қаласындағы Қазақтың технология және бизнес университетін тәмамдаған. Қазір Астана қаласындағы Президент аппаратында қызмет істейді. Зайыбымен ұл-қыз өсіріп, әке жолын жалғастыруда.

Зейналабдин ағамыздың табысқа жетуі «Жаңбырменен жер көгерер, Батаменен ер көгерер» демекші жасынан ел ағаларының, мәпелеп өсірген ата-анасының алғысы мен ақ батасын алғанының жемісі деп есептейміз.

- Мерейлі 75 жасыңыз құтты болсын, ұрпағыңызбен мың жасаңыз, аға! Бүкіл саналы ғұмырыңызда абыройлы еңбек етіп, еңбекқорлығыңыздың арқасында алғысқа бөлендіңіз. Ағайын-туыстың ортасында да үлкенге ілтипат жасап, кішіге қамқоршы болып, құрметке ие болдыңыз. Сіздің ұзақ жылғы өмір тәжірибеңізден кейінгі жастардың алар тағылымы мол екендігіне сенемін. Өзіңізге мықты денсаулық, қажымас-қайрат, әулетіңізге баянды бақыт тілеймін!

Қазіргі қоғамда жастардың әскер қатарына өз еркімен баруы сиреп барады. Отанды қорғайтын да, тыныштығын күзететін де ер-азамат. Ендеше, жас буынды отаншылдық, патриоттық, туған елге сүйіспеншілік рухта тәрбиелеуде елден шыққан Зейналабдин Жұмағалиұлы сияқты азаматтарды насихаттау қажет-ақ.

Кейіпкеріміздің өмір жолы мен қызметін дәріптеу мақсатында ол оқыған ауыл мектебінде көрнекі ақпарат тақтасы ілініп, идеологиялық іс-шаралар өткізу бүгінгі күннің талабы екені анық.

Сондықтан шекара қызметінде, Министрліктерде лауазымды жауапты қызметтер атқарған Жұмағалиұлы Зейналабдин ағаның мерейлі тойына орай «Майдакөл» ауылдық округі, Бекарыстан би ауылы әкімшілігіне және №98 орта мектебіне осы ұсынысымды жолдаймын.

Жанар ҚАЗИҚЫЗЫ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

- Ауыл шаруашылығы санағы кезінде қандай сұрақтар қойылады?

-1-31 тамыз аралығында Қазақстанда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының бірінші кезеңі өтеді. Осы уақыт аралығында барлық қатысушы sanaq.gov.kz сайтында онлайн форматта санақтан өте алады. Сайтта ауыл шаруашылығы өндірушілері мен үй шаруашылықтарына арналған екі түрлі сауалнама парағы болады.

Өсімдік шаруашылығымен, мал шаруашылығымен немесе балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер мен шаруа (фермер) қожалықтары 2-АШК/ШФҚ санақ парағын толтыруы тиіс. Бұл сауалнама тоғыз бөлімнен тұрады және 29 сұрақты қамтиды. Онда жер учаскелерінің көлемі, олардың қалай пайдаланылып жатқаны, суару тәсілдері, жердің меншікке немесе жалға алынғаны туралы мәліметтер көрсетілуі керек.

Сондай-ақ, сауалнамада

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САНАҒЫ

1-31 тамыз

онлайн кезең

Егер сіз ауыл шаруашылығы өнімінің өндірушісі болсаңыз, sanaq.gov.kz сайты арқылы санақтан өтіңіз

Қатысудың маңызы:

- ✓ Аграрлық саланы қолдау үшін маңызды деректер жиналады
- ✓ Ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосасыз




sanaq.gov.kz
Барлық сұрақ бойынша: 1446

шаруашылықтағы мал, құс, балық саны, қолданылатын техника, құрал-жабдықтар, қоймалар, сақтау орындары мен басқа да қажетті нысандар туралы ақпарат сұралады. Қ а т ы с у ы л а р тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану, органикалық өнім өндіру, ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу, сондай-ақ

жұмысшылардың саны мен олардың сипаттамасы жөнінде де мәлімет береді.

Егер шаруашылық бірнеше өңірде қызмет жүргізсе, әр өңір бойынша жеке бөлімді толтыруы қажет. Бұл парақта жер учаскелерінің, егістік алқаптарының, мал мен құстың нақты орналасқан жері көрсетілуі тиіс.

Бақша егетін немесе

мал мен құс ұстайтын үй шаруашылықтары да санаққа қатысады. Олар үшін 3-ЖҚШ сауалнама парағы қарастырылған. Бұл сауалнамада қандай дақылдар өсірілетіні, қанша мал мен құс ұстайтыны, жайылымдарды қолданатыны, мал ұстауға арналған құрылыстардың бар-жоғы, сондай-ақ өнімнің сатылатыны немесе жек тұтынуға пайдаланылатыны туралы мәлімет беріледі. Үй шаруашылықтарына арналған сауалнама 8 бөлімнен және 22 сұрақтан тұрады.

Барлық ұсынылатын ақпараттың құпиялылығы сақталады, деректер «Мемлекеттік статистика туралы» заңымен қорғалады және салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді.

Санақ аясында Бюро еліміз бойынша шамамен 300 мың ауыл шаруашылығы ұйымын және 2 млн үй шаруашылығын қамтуды жоспарлап отыр.

Қазалы ауданының Статистика бөлімі

МӘДЕНИЕТ ҮЙ-БАС ЖҮЛДЕГЕР

Бекарыстан би ауылындағы мәдениет үйінің қызметкерлері ұлттық құндылығымызды дәріптеуде түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, халықтың ыстық ықыласына бөленуде. Ұлылар мен шығармашыл жандарды дәріптеп, насихаттауда да атқарған жұмыстары аз емес.

Жақында Қазалы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен, Р.Бағланова атындағы мәдениет Орталығының ұйымдастыруымен ұлыларды ұлықтау мақсатында «III - Туған өңір, тұнған өнер» атты аудандық өнер фестивалі болып өтті. IV кезең бойынша өткізілген аталмыш фестивальдің ақылдастар алқасының шешімімен 21 ауылдық округтер арасынан Бекарыстан би ауылдық мәдениет Үйі ұжымы бас жүлдегер атанды.

Ш.ТІЛЕУНАЗАРОВ,
Бекарыстан би ауылдық мәдениет үйінің әдіскері

АУРУХАНАІШІЛІК АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Ауруханаішілік инфекция (немесе нозокомиальды, госпитальды) – дегеніміз бұл науқастың ауруханада емделуі барысында өз сырқатынан басқа сырқатты жұқтырып алуы. Көбінесе үш тәуліктен аса мерзімде дамыса немесе ауруханадан шыққан соңғы үш тәулік бойында байқалса бұл ауруханаішілік инфекция ретінде қарастырылады. Ауруханаішілік инфекциялар бүкіл әлемдегі денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар медициналық қызметкердің жұмыс істеу барысында қандай да бір жұқпалы аурумен ауырып қалуы (кәсібіне байланысты) да АИИ-ға жатады. Науқас тек ауруханада ғана емес, басқа да емдеу мекемелерінде ем алу немесе тексерілу мақсатымен баруы кезінде ауруханаішілік

инфекцияны жұқтырып алуы мүмкін.

АИИ-ның берілу жолдары мен факторлары:

- Ауа-тамшылы (аэрозольды).
- Сулы-алиментарлы.

- Тұрмыстық-қатынастық.

- Жарақаттан кейінгі инфекция.

АИИ-дің қазіргі кезде өсіп-дамуына мына факторлар әсер етеді:

Ірі ауруханалық комплекстердің құрылуы. Аурулардың бір-бірімен күнделікті және тығыз араласуы.

Инфекцияны тудырушылардың күшті және жасанды жұғу механизмінің қалыптасуы.

Бұл инвазивті емдеу мен диагностикалық процедураға байланысты.

Емдеу мен диагностикада стерилизацияның ерекше әдістерін қажет ететін күрделі техника-ны қолдану да өз әсерін тигізуде.

Инфекциялық

ауру туғызушылардың жұғу механизмінің белсенділігі. Әсіресе, емдеу орындарындағы аурулар мен дәрігерлердің тығыз араласуы кезінде тұрмысты-байланыс және ауа арқылы таралуы мүмкін.

Стационарға әлі анықталмаған инфекциялық аурулармен түскен адам инфекцияның негізгі көзі болып табылады.

Антимикробтық препараттарды бақылаусыз қолдану, әр түрлі дәрілік заттарға, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына бейімделген микроорганизмдердің қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін.

Халықтың қоршаған орта өзгерістеріне, өмір сүру шарттарына төзімділігі мен тұрақтылығының (иммунитеттің) төмендеуі де әсер етеді.

АИИ ауруларының деңгейін төмендету профилактикасы келесі жолдармен іске асады:

- диспансерлік

бақылау кезінде АИИ анықтау және тіркеу.

- әртүрлі типті стационарларда қауіпті топтарды және қауіпті факторларды анықтау.

- АИИ ауруларының эпидемиологиялық анализін жүргізу

- медициналық жұмысшылардың спецификалық профилактикасын жүргізу.

Медицина қызметкерлерін вакцинациялаудың инфекцияны алдын-алуда орны ерекше: мысалы гепатит В, қызылша, эпидемиялық паротит, қызамық, полимиелит, іш сүзегі, КВИ сияқты сырқаттарға қарсы вакцинаны медицина қызметкерлері толықтай жоспарлы түрде алу керек

Маманның кеңесі

Мархаба МИРАМБЕКҚЫЗЫ,

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11277 дана.